

Түркістан облысының білім басқармасының « Жамбыл Қаппаров атындағы
№5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернат»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН
ЖҰМЫСТАРДЫҢ МӘТІНДІК ЕСЕБІ**

Атбұлақ елді-мекені-2024 жыл

Шығармашылық топ отырысында ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

Қазан айының 4-аптасы 1-тоқсандық қорытынды апта болып, барлық негізгі пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар қойылып, төмендегідей нәтиже көрсетті:

мазмұны	7- сынып	8- сынып	9- сыны п	10- сынып	11- сынып	мектеп бойынша	%
I тоқсан соңындағы оқушы саны	72	72	69	65	57	335	100
Оқу озаты	9	26	25	32	26	118	35,2
Екпінділер	46	44	38	27	29	184	54,9
«3»- бар оқушы	17	2	6	6	2	33	9,9
Таза-3	0	0	0	0	0	0	0
Үлгермеушіле р	0	0	0	0	0	0	0

Тоқсандық қорытынды бойынша пәндердің білім сапасы мынадай болды:

1. Алгебра- 95 %
2. Геометрия –94 %
3. Физика- 97 %
4. Информатика-100 %
5. Қазақ тілі-98 %
6. Қазақ әдебиеті-100 %
7. Қазақ тілі мен әдебиеті-97 %
8. Ағылшын тілі- 94 %
9. Орыс әдебиеті-100 %
- 10.Орыс тілі мен әдебиеті-100 %
- 11.Қазақстан тарихы-96,7 %

Мектеп бойынша білім сапасы: 97 %

1-тоқсан бойынша алынған ТЖБ жұмыстары бойынша білім сапасы төмендегідей:

Алгебра-82,2%

Геометрия -81,6 %

Физика- 80,7%

Информатика-91,5%

Қазақ тілі мен әдебиеті (орыс сынып)-97,5%

Қазақ тілі- 81.3%

Қазақ әдебиеті-82,1 %

Ағылшын тілі- 83,9%

Орыс әдебиеті-82,3 %

Орыс тілі мен әдебиеті (қазақ сынып)-89,3 %

Қазақстан тарихы-85%

Мектеп бойынша білім сапасы: 85,6 %

Мектеп оқушыларының тоқсандық қорытынды бағалары бойынша тәрбиеші мен мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, бақылау жүргізілді. Әсіресе, ортаңғы буын оқушыларына баса назар аударылды. «З»-тік бағалары бар оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалады.

Оқу жоспарының 1-тоқсанға арналған бөлігі толық орындалып, электронды журнал, үйірме журналдары толтырылған, күнделікті сабақ жоспарлары жинақталған.

«Бала құқығын қорғау бұрышы» ұйымдастырылып, бала құқығын қорғау бойынша стендтер жасалды. Балалардың құқықтарын қорғау мазмұнындағы, сондай-ақ оларға психологиялық қолдау көрсету бағытындағы плакаттар ілінді.



«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы мектеп-интернатта жалғасын тапты. Бұл акцияның мақсаты – әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және басқа санаттағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оқумен қамтылған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сондай-ақ әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің, мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу. Акция барысында айлық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.



Акция аясында алдымен әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылардың аты-жөні анықталды. Жеке кәсіпкер Шалданбаев Нуран Естемесулының демеушілігімен 11 оқушымыз оқуға қажетті құралдармен қамтамасыз етілді.

8 а,б,в –сыныптармен 2024 жылдың 1 қазаны күні «Қарттарым аман-сау жүрсін» тақырыбында іс-шара өткізді.



Халықаралық қыздар күніне орай «Инабат» қыздар клубының кеңесі өткізілді. Мақсаты: қыз баланың әдептіліктің, әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың жаршысы екенін ұғындыру. Қыз баланы құрметтеп, қастерлей білуге тәрбиелеу. Қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, ұлт рухани байлығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына септесу. Достармен және құрбылармен күнделікті қарым-қатынаста жаман әдеттерден аулақ болу қағидаларын ұстануға тәрбиелеу.

Жиналыста қыздардың тәртібі, сабаққа қатысуы, мектеп формасы, жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу шаралары туралы айтылды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Бегайдарова түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қыздардан сауалнама алынып нәтижесіне анализ жасалды, түрлі әлеуметтік желілерден сақ болу керек екендігі ескертілді және электронды темекінің зияны түсіндірілді.



7-11 - сынып оқушыларынан **«Буллинг және кибербуллингтен қалай қорғанамыз?»** тақырыбында сауалнама алынып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. **Мақсаты:** Мектептегі буллинг себептері және алдын алу жұмысы.

«Жасөспірімдердің арасындағы зорлық - зомбылықты, буллинг себептерінің алдын-алу мақсатында «Ғаламтордың пайдасы мен зияны», «Буллинг және кибербуллинг» тақырыптарында психологиялық ағарту жұмыстары жүргізіліп, суицидке бейім оқушыларды анықтау мақсатында Айзенек әдістемесі бойынша және Жыныстық тиіспеушіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жасырын және ашық түрдегі сауалнамалар алынды. «Буллинг және кибербуллинг себептерін алдын алу» тақырыбында тренингтік жаттығулар өткізіліп, бейнероликтер арқылы кеңестер берілді.



8 а сыныбымен «Буллинг дегеніміз не?» тақырыбында тренинг өткізілді. Оқушыларға өзге адамның затын бүлдірмеу, қолмен ұрмау, жанама сөзбен мазақтамау, қауесет таратпау туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. 7-11 сынып оқушылармен жұмыс барысында кез-келген адам буллингке ұшырауы мүмкін екені одан сақтану, көмек сұрау керек екендігі айтылса, оқушы, ата-ана, мұғалім чаттарына сенім телефондары жіберіліп, «Сен жалғыз емессің» тақырыбымен кеңестер берілді.

«Зорлық-зомбылық, буллинктің барлық түрлерінің қауіпсіздігі» тақырыбында бейнероликтер көрсетіліп, кері байланыс жүргізілді



2024-2025 оқу жылының қазан айында кадр мәселесіне қатысты жұмыстар, есептер күнделікті жүргізіліп, уақытылы атқарылды. Атап айтсақ:

➤ Ұлттық бірыңғай деректер қорындағы ((әрі қарай ҰБДҚ)НОБД) қызметкерлерге қатысты параграфтар бойынша мәліметтер толығымен жаңартылды.

➤ Мектепте жұмыс атқаратын барлық қызметкерлердің жұмысқа қабылдау кезіндегі еңбек шарттары enbek.kz электрондық порталына электронды түрде енгізіліп, түгендеу және сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді.

➤ 2025 жылы аттестациядан өтуі қажет, біліктілік санаттарының мерзімі аяқталған және санатының мерзімі 2025 жылдың тамыз айына дейін жарамды педагог қызметкерлердің тізімі жасақталып, облыстық білім басқармасына ұсынылды.

➤ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 Бұйрығын басшылыққа ала отырып, қойылатын талаптарға сәйкес мектептің әлеуметтік желілері мен enbek.kz электрондық

порталына бос лауазымдық орындарға хабарландырулар жарияланып, «математика мұғалімі» және «музыка (үйірме) жетекшісі» қызметтеріне жалпы 2 кандидаттан өтініш келіп түсті. Ережеге сай комиссия мүшелері жұмыс жасап, нәтижесінде, математика пәні мұғалімі лауазымы бойынша бос орынға үміткер Б. Сейдахан мен музыка жетекшісі қызметіне үміткер А.Сатимбековтің құжаттары педагогтерге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес деп танылып, мектеп директорының бұйрығымен 01.10.2024 жылдан бастап жұмысқа қабылданды. Қабылданған қызметкерлер ҰБДҚ-да тіркеліп, есепке алынды.

➤ 01.10-21.10.2024 ж. аралығында «физика мұғалімі», «математика мұғалімі» және «география пәні мұғалімі» лауазымдары бойынша бос орындар мектептің әлеуметтік желілері мен enbek.kz электрондық порталына жарияланды. Аталған уақыт аралығында ешбір үміткерден өтініш болмағандықтан, бос орындар 22.10.2024 жылдан бастап қайта хабарландыруға шығарылды.

➤ Enbek.kz электрондық порталына жарияланған «от жағу операторы» қызметі бойынша 2 бос орынға екі кандидаттан өтініш түсті, нәтижесінде мектеп директорының міндетін атқарушының бұйрығымен 15.10.2024 жылдан бастап жұмысқа қабылданып, қызметтеріне кірісті. Қабылданған қызметкерлер ҰБДҚ-да тіркеліп, есепке алынды.

➤ Күнделікті сыртқы және ішкі хат алмасулар бойынша сұратылған мәліметтермен жұмыстар жүргізіліп, барлық есептерге уақытылы жауаптар беріліп отырды.

➤ Ағымдағы айдың есебі жүргізілді.

«Бестерек» жобасы бойынша жұмысты алып бару үшін әрбір сыныптың паспорты түзіліп, бірінші кезең бойынша мәліметтер алынды. 7-11 сыныптың оқушылары «Менің отбасым», «Менің ең жақын досым», «Менің арманым» тақырыптарында эссе жазды. Жазылған 335 эссе жұмыстары талапқа сай «жақсы» жазылған, екі ғана оқушы нейтральді жазып шыққан. Оқушылармен алдын-алу жұмысын жүргізу мақсатында ортаңғы буын сынып оқушыларымен дамыту сабақтары өткізілді. Өтілген сабақтың мақсаты – өзара сыныпаралық қатынасты нығайту, алдын-алу жұмысын жандандыру және сыйластыққа баулу болып табылады.

7-сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында мандала және арттерапия әдісі жүргізілді. Оқушылар мандала әдісінде ашық түстерді қолданып, ішкі көңіл-күйлерін бейнелеп шықты. Арттерапия әдісінде оқушылар топпен және жеке жұмыс жасады. Түрлі реңктерді пайдалана отырып, оқушылар ойларымен бөлісті.



«Инабат» қыздар ұйымының жоспарына сай «Бой түзеу - алдымен ой түзеу» тақырыбында кезекті жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыста түрлі мәселелер талқыланып, тәрбиелік мәні зор қысқа метражды фильм көрсетілді. Қыз балалар бір-бірімен сұрақтар бойынша ой, пікір алмасты.




Буллингтің алдын-алуда аудандық ИДН қызметкерімен бірлесе отырып 7-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама 9 сұрақтан тұрады. Жасырын алынған сауалнамаға 317 оқушы қатысты. Қорытындысы өңделіп, кесте мен диаграммада көрсетілді.

Кесте:

№	сынып литерасы	оқушы саны	жынысы		жасы						
			ұл	қыз	11ж	12ж	13ж	14ж	15ж	16ж	17ж
1	7абв	71	35/49,3%	36/50,7%	1/1,4%	26/36,6%	44/62%				
2	8абв	65	33/50,8%	32/49,2%			40/61,5%	25/48,5%			
3	9абв	70	39/55,7%	31/44,3%				40/57,1%	30/42,9%		
4	10абв	61	34/55,7%	27/44,3%					40/65,6%	21/34,4%	
5	11абв	50	31/62%	19/38%						41/82%	9/18%
	жалпы	317	172/54,2%	145/45,8%	1/0,3%	26/8,2%	84/26,5%	65/20,5%	70/22,1%	62/19,5%	9/2,8%

Диаграмма:



Алынған сауалнама қорытындысы бойынша әрбір сынып литералары бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушылар буллинг туралы ақпараттанғандары жайында көрсеткен. Нәтижеге сүйенсек, әлім-жеттік көп жағдайда көшеде, аулада, мектеп қабырғасында болатынын көрсеткен. Оны тоқтатудың жолында ата-ана мен мектеп әкімшілігінің көп септігі тиетінін жазған. Аталмыш тақырып аясында ата-аналармен де жұмыс жүргізілді. Танысу үшін онлайн форматта видеороликтер мен слайд, жадынамалар ұсынылды.

11-сынып оқушыларына алдағы сынама тесттерде өзін жоғалтпауы, өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында «ҰБТ-ке білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау» тренингі өткізілді.



Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер тарапынан келген сұраныстар бойынша жеке оқушылармен жұмыс жасалды. Сұраныс саны 4, кеңес беру: О-13, Т-2, Ә-2, АА-3 жұмысы жасалды.

1-қазан Халықаралық Қарттар күніне орай 8-сыныптармен «Қарттарым аман сау жүрсінші» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.



1 қазан - Қарттар күні мерекесіне орай "Қарттарым аман- сау жүрсінші" тақырыбында 9а сынып тәрбиешісі Абдуллаева Сандуғаш апайымыз оқушылармен ауылымыздың қариясы Қуаныш атамыздың шаңырағына барып, қарттар күнімен құттықтап, өз қолқабыстарын тигізді. Қуаныш атамыз ақ батасын беріп оқушыларымызға сәттілік тіледі.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Қай сынып көп кітап оқимыз" айдарымен 7а,б,в сыныптар оқушылары оқыған кітаптарынан түсініктерін айтты.



Биология пәнінің мұғалімі Елікбаева Жанат Тасполатовна «Авторлық бағдарламаны жазу алгоритмі» тақырыбында мектепшілік семинар-тренинг өткізді. Семинарға ұстаздарымыз қатысып өз ойларымен бөлісті.



Айлық жоспарға сәйкес 2024 жылғы 1-2 қазан күндері 2024-2025 оқу жылындағы республикалық ғылыми жобалар конкурсына 54 жоба мектепшілік іріктеу кезеңіне қатыстырылды. Мектепшілік іріктеу кезеңінің нәтижесі бойынша 28 жұмыс, оның ішінде екеуі топтық, 30 қатысушы, облыстық іріктеу кезеңіне өткізілді. Өткізілген жұмыстардың тізімі:

№	Аты-жөні	Секциясы	Жобаның атауы	Сынып	Жетекшісінің аты-жөні
1	Міркәрім Сұңғат	техника	Таулы аймақтарда жел энергиясын тиімді пайдалану	9	Пияшова Гулжазира Абдималиковна
2	Өскенбай Абылайхан	техника	Күн энергиясының күнделікті тұрмыста қолданылуы	9	Пияшова Гулжазира Абдималиковна
3	Уалихан Аяна	техника	Әль-Фарабидің музыкалық аспаптарын физикалық заңдылықтарда орындалуы	8	Пияшова Гулжазира Абдималиковна
4	Бақтыбек Ақтілек	Физика	Күн энергиясын пайдаланып жарамсыз заттарды кәдеге жарату	9	Оралбеков Галымжан Жарасович
5	Ізбасхан Нұрсая	Жер және Ғарыш	Үлкен қашықтықты өлшеу. Триангуляция әдісін пайдаланып, Айға дейінгі қашықтықты есептеу	9	Оралбеков Галымжан Жарасович
6	Пернебек Мейірман	техника	Серіппенің механикалық энергиясын тұрмыста пайдалану	10	Оралбеков Галымжан Жарасович
6	Мұрат Мансур	Техника	Серіппенің механикалық энергиясын тұрмыста пайдалану	10	Орынбаев Бахтияр Сейдуллаевич

7	Ерболұлы Абдурахман	техника	Никола Тесла және оның керемет өнертабыстары	9	Сариева Дилбара Байтаскызы
8	Турдали Далер	Жер және ғарыш туралы ғылым	Аспан денелерінің логарифмдері	9	Сариева Дилбара Байтаскызы
9	Имаш Раушан	Экономика	Жай және күрделі проценттер. Кредитпен өмір сүру тиімді ме?	10	Исмаилова Акмарал Рахманбердиевна
9	Кеңес Жанерке	Экономика	Жай және күрделі проценттер. Кредитпен өмір сүру тиімді ме?	10	Исмаилова Акмарал Рахманбердиевна
10	Зәкірхан Кәусар	қолданбалы	Тиімді несие түрін анықтау	8	Дурменова Ақгулим Камбаровна
11	Ақберді Диас	қолданбалы	Матрицалардың экономикада қолданылуы	10	Абдикулова Шолпан Абжаппаровна
12	Үкібай Мадияр	Қолданбалы математика	Біздің өміріміздегі тригонометрия	9	Абдукулова Шолпан Абжаппаровна
13	Нұрғали Жанеля	биология	БАҚ: адам ағзасына пайдасы мен зияны	10	Сарибаева Лаззат Халикуловна
14	Абибуллаева Анеля	биология	Оттегі коктейлі	10	Сарибаева Лаззат Халикуловна
14	Үсіпбек Аделя	биология	Оттегі коктейлі	10	Сарибаева Лаззат Халикуловна
15	Мошқал Гүлсезім	биология	Гидропоника әдісімен өсімдік өсірудің артықшылығы	10	Еликбаева Жанат Тасболатовна
16	Абдрахим Томирис	биология	Киікөты өсімдігінің негізгі ерекшеліктерін зерттеу	10	Еликбаева Жанат Тасболатовна
17	Бауыржан Қаршыға	Химия	Киелі Қазығұрт баурайындағы Ақбура суының химиялық құрамын зерттеу	8	Әлтай Гүлнар Әбдіразаққызы
17	Әбдуәліқызы Жанерке	Химия	Киелі Қазығұрт баурайындағы Ақбура суының химиялық құрамын зерттеу	8	Әлтай Гүлнар Әбдіразаққызы
18	Ерболқызы Нұбибі	Химия	Ауылшаруашылық өнімдерінен биогаз өндіру	10	Әлтай Гүлнар Әбдіразаққызы
18	Женисқызы Мельдина	Химия	Ауылшаруашылық өнімдерінен биогаз өндіру	10	Әлтай Гүлнар Әбдіразаққызы

19	Бейсебай Дана	Тіл білімі	Интернет тілі жаңа әдеби құбылыс ретінде: мемдер мен сленгтердің қазіргі орыс сөйлеуіне әсері	9	Бахтиярова Гульбану Нуралиевна
20	Амангелді Бахыт	Тіл білімі	Ағылшын тілінің қазіргі аббревиатураларының типологиясы, құрамы және қызмет ету ерекшеліктері	11	Назар Гүлдана Жәнібекқызы
21	Болатқызы Анель	тіл білімі	Саяхатқа арналған ағылшын тілін үйренудің өзектілігі	10	Бугыбаева Эльмира Мухтаровна
22	Болатқызы Шахризада	тіл білімі	Ағылшын тілін үйренудегі әннің әсері	8	Маликова Салтанат Садувакасовна
23	Абикулова Аяулым	тіл білімі	Мектептегі білім берудегі уақытты басқарудың рөлі	9	Бугыбаева Эльмира Мухтаровна
24	Хайрулла Еркебұлан	әдебиет	"М.Жүсіп шығармаларындағы "Түгел адам" сипаты	10	Амирбекова Балнұр Омирхановна
25	Әбубәкір Гаухар	тіл білімі	Біздің заманымыздағы ең жақсы іздеу жүйесі	10	Құрбанбек Гүлбаршын Құлыншаққызы
26	Калдыбек Нурай	әдебиет	Әдебиеттігі қыздың портреті: әртүрлі дәуірлердегі мысалдармен талдау	10	Құрбанбек Гүлбаршын Құлыншаққызы
27	Бақтыбек Ақбота	этномәдениеттану	Қазақтың ырым-тыйым сөздерінің тәрбиелік мәні	8	Таженова Индира Курманбековна
28	Әшірбек Арайлым	этномәдениеттану	Оқушының психикасын қалыптастырудағы ақпарат құралдарының рөлі	11	Ниязбекова Арайлым Хамидуллаевна
29	Көбей Назым	этномәдениеттану	Танымдық ойынның мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық дамуына әсері	8	Ниязбекова Арайлым Хамидуллаевна
30	Құттыбек Кәусар	этномәдениеттану	Арттерапияның мектеп жасына дейінгі балаларға тигізер әсері	8	Ниязбекова Арайлым Хамидуллаевна

2024 жылғы 08 қазан күні Түркістан қаласы, Отырар мөлтек-ауданы 160, А.Байтұрсынов атындағы №1 мектеп-лицейі базасында өткен республикалық жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша XVII Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңіне төмендегі 11-сынып оқушылары қатыстырылды. Нәтижесі бойынша 2 оқушы жүлделі II орынды иеленіп, ұпай саны бойынша басым болған Асилбек Мұқаметәлі

Бауыржанұлы 2024 жылғы 20-23 қараша күндері Астана қаласында өтетін қорытынды кезеңіне жолдама алды.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Нәтижесі
1	Асилбек Мұқаметәлі Бауыржанұлы	11	II орын
2	Өскенбай Досжан Жарасұлы	11	II орын

2024 жылғы 16 қазан күні Түркістан қаласы, Ортақ көшесі, №39, Б.Момышұлы атындағы №22 жалпы білім беретін мектеп базасында өткен «Менің шағын Отаным» атты республикалық интеллектуалды конкурстың облыстық кезеңіне төмендегі кестеде көрсетілген оқушылар жіберілді. Нәтижесі бойынша:

№	Оқушының аты-жөні	Бағыты	Сыныбы	Жетекшісінің аты-жөні	Нәтижесі
1	Сағындық Әбубәкір	Менің шағын Отанымның тарихы	9	Абдуллаева Сандугаш	жоқ
2	Бауыржан Ернар	Менің шағын Отанымның болашағы	10	Ербосын Қалипа	II орын
3	Сабыр Асылхан	Менің шағын Отанымнан шыққан тұлғалар	10	Момбиева Тамара	жоқ
4	Ерболұлы Абдуррахман	Менің шағын Отанымның символы	9	Ниязбекова Арайлым	Алғыс хат

2024 жылғы 18 қазан күні Кентау қаласы Дарын мектеп-интернатында өткен «Білім берудегі дамыған елдердің озық әдістемелері мен тәжірибесінде кездесетін пәнаралық байланысты дамыту элементтерін қолдана отырып коллаборативті орта құру» тақырыбындағы облыстық семинарға директордың ғылыми істері жөніндегі орынбасары А.Нурсейтов, физика пәнінің мұғалімі Г.Оралбеков, математика пәнінің мұғалімі С.Ағманов қатысты. Келесі күні семинар нәтижесі бойынша А.Нурсейтов, Г.Оралбеков, С.Ағмановтар №202 кабинетте мұғалімдерге мектепшілік семинар өтіп, көрген-түйгендерімен бөлісті.

2024 жылғы 22 қазан күні Түркістан қаласы, Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектептің базасында өткен «Delve lingua – 2024» олимпиадасының облыстық кезеңіне ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Маликова Салтанат Садуакасовна қатыстырылып, нәтижесі бойынша жүлделі орынға ие бола алмады.

2024 жылғы 24 қазан күні Түркістан қаласы, Атабай тас жолы, Дермене №1, «Арман – M school» ЖШС базасында өткен «Ақберен» республикалық өнер байқауының облыстық кезеңіне төмендегі кестеде көрсетілген оқушылар қатыстырылды. Нәтижесі бойынша 9-сынып оқушысы Бақтыбек Ақтілек Русланқызы жүлделі III орынды жеңіп алды.

№	Қатысушының аты-жөні	Сынып	Бағыты
1	Жүрсінбек Мерей	9	Шешендік, білгірлік сайысы
2	Үсен Альбина	8	Көркемсөз оқу
3	Ауезхан Мерей	11	Эссе жазу
4	Бақтыбек Ақтілек	9	Ақындар мұшайрасы

2024-2025 оқу жылының қазан айына жоспарланған барлық іс-шаралар талапқа сай өткізіліп айғақ құжаттары жауапты мамандарда жинақталды.

Мектеп директоры:

Ж.Ахмедов